

## **Зейін қойып оқыған оқырманға естеліктер – мындаған фактілер қоржыны**

Мемуарлар белгілі бір елдің, өмірдің, саланың, жанұяның тағы басқа көптеген тарихи оқиғаларға қатысты жайттардың негізінде көптеген жаңа мағлұмат беретін дерек көзі. Бір кітапты тез оқып шықса сол оқиғаға қатысты жалпы көрініс ойда қалады, ал сол кітапты үтірімен нүктесіне мән беріп қарасаң сол кітаптағы оқиғаға қатысты көптеген жаңа фактілер, бұрын білмеген мағлұматтар оқыған мәліметтерді сараптау негізінде туады. Бұл жаңа фактілер болса сол кітапта баяндалған оқиғалардың себептерің, нәтижесін ашып айтпасада, зерттеуші – оқырман сәл ойланса ашып көрсетеді. Өзімнің бұл ойымды жақын аталарымның бірі Ордабайұлы Өтеубайдың Ұлы Отан соғысы кезінде майданға алынған естеліктері негізінде ашып көрсеткім келеді. Бұл үшін біріншіден атамның естелігін беріп, жазылмасада жол араларынан көрініп тұрған түйіндерді қаралап көрсетейін және оқырмандарға, зерттеушілерге айтарым зерттеумен айналысқанда, естеліктерді оқығанда асықпай зен қойып оқындар, көп нәрсені жүздеген, мындаған фактіні жазбалардағы жол арасынан көріп білуге болады.

### **Өтеубай ағаның естелігі**

1943 жылдың сәуірінде Оразалы (Өтеубай ағамыздың немере інісі) Жұмабек (ауылдасы) үшеуімізді 15 күндік әскер жиынға шақырды. **(Жасы он сегізге толмаған жастарды 15 күнге созылған ұзақ әскери дайындық сборларға әкетіп тұрған екен).** Біз сол кезде 17 жастағы жастар қазіргі Әл-Фараби мектебі орнында орналасқан Сталин №9 колхозының колхозшылары едік. **(Соғыс кезінде қала төңірегінде Сталин колхозы болған және колхоздар нөмерленген екен).** Колхоз төрағасы бізді жұмыс қызып жатқанда жібергісі келмеседе военкомның бұйрығынан аттап өте алмады. **(Әскери комиссар бұйрығына колхоз басшылары қарсы келе алмаған).** Бір жағынан біз ауыр колхоз жұмысынан 15 күн бойы демаламыз деп қуансақта екінші жағынан қойдың кезегі бізгеде жақындағанын түсіндік. Жас болсақта соғыстың ойын емес екендігін ауылға жиі келетін қара қағаздардан, оның қайғы-қасіретін сезініп жүрген ауылдастарымыздан көретінбіз. **(Қара қағаз деген ұғым – соғыста қаза болған боздақтың үйіне жіберілетін ескерту қағазы).** Күзгі егін жиналып болғасын Оразалы екеуімізді қайтадан 15 күндік сборға шақырды. **(Соғыс болып жатқанның өзінде егінді егу және жинау кезінде ауылдық жерлерден әскери дайындықтарға адамдарды шақыртпаған, егінді жинау маңыздырақ болған).** Бұл жолғы сбор біздің колхоздан қашық емес қазіргі Досан ауылының маңында күнделікті шабуыл, қорғаныс, окоп қазу, нысананы көздеп ату сынақты жаттығуларды өткізу арқылы өтіп жатты. Осы жаттығуға келген военкомат

өкілі сендер осы жылдан қалмай әскерге алынасындар деді. Бұл хабар өзімізгеде, жанұямызғада ауыр хабар болды деуге болады. Алайда 1926 жылы туылғандарды 1944 жылдан соңына дейін әскерге алмады. Ел арасында бұның себебі Сталиннің бұйрығына байланысты деген әңгіме тарады. Ол бұйрыққа сәйкес егін, әсіресе мақта шаруашылығы көп Орта Азия республикаларының жастары 1944 жылғы егін жиналып болғасын алынсын делінген көрінеді. **(Шындығында Азия Республикаларының барлығы дерлік ауыл шаруашылық өңірлері болғандықтан әскерге алу күзге қалдырылуы заңды нәрсе болуы керек.)** Бұл распа жоқпа білмеймін бірақ бізге 1944 жылдың соңына дейін тиіспей 1944 жылдың егіні жиналып болғасын желтоқсан айында военкоматқа шақырып әскерге алды. Бізді әскерге алып кететін поезд вокзалға келгенде көптеген вагондарында солдаттар бар екен. Сөйтсек олар 1926 жылы туылған өзбек, тәжік, түркімен, қырғыз балдары екен, осы поезға бірнеше вагон Қызылордалықтар қосылдық. **(Бір өңірден алынған солдаттар бір жерге түсіп, бір шайқаста қырылып кетпес үшін бір әскери бөлімге әр жердің тумаларын қосады деген болжам дұрыс екен).** Осы кеткеннен бізді Орынбор қаласының маңындағы біздің Белкөл станциясы сияқты Меновой двор деген товарный станцияға әкеліп түсірді. Осы жерде күніне 10 сағатқа созылған әскери дайындықтар басталды. **(Соғыстың бірінші жылы әскерге алынғандарды бірден майданға апарып салатын еді. Енді жағдайдың Қызыл әскер үшін жақсарғаны көрініп тұр. Солдаттарды қанды майданға бірден салмай ұзақ дайындықтан өткізгеннен кейін ғана майданға жіберу көзделген екен. Екіншіден Кеңес әскерінің саны көбейгені көрініп тұр, жас солдаттарды дайындауға уақыттың болғанынан).**

Бір күні Қызылордадан келгендер орналасқан жерге ішкі әскер офицерлері келіп Қызылордалықтардың жартысын ішкі әскер қатарына алып кетті. Олардың бәрі Қызылордадан бірге шығып, соғыс кезіндегі әскери борышымыздың алғашқы айларын бірге өткізген бауырларымыз еді. Бір-бірімізбен құшақтасып көзге жас алып қоштастық. Солардың бірі құрдасым Өтегенмен елге оралғасын қайта табысып жолдас болдым. **(Қызылордалықтар соғыс кезінде тек майданда ғана емес ішкі әскерлерде, шекара қызметінде де қызмет еткен екен).** Өтегеннен естігенім бізден алып кеткесін бұларды түрмелерді күзетуге салса, кейін шекара әскерлеріне жіберген екен. Өтеген болса әскери борышын соңына дейін Иран шекарасында атқарған екен.

Меновой дворда біз 1945 жылдың мамырына дейін болдық. Күнделікті 10 сағаттық жаттығумен қатар көктем шыққасын диханшылықпен айналысып өзіміздің әскери бөліміміздің мұқтажы үшін картоп егіп, жеңісті осы жерде күтіп алдық. **(Тылдағы Кеңес әскерлерінің бөлімдері өз-өзін күнделікті азық – түлікпен қамтамасыз ету принципімен өмір сүрген екен).**

Жеңіс күнін күтіп алған күннен көп ұзамай бізді 40 адамнан 7 вагонға отырғызып, **(Солдаттарды тасымалдайтын товарный вагонға 40 адам**

**сиятын болған).** Орынбордан келген составтың соңына тіркеп, поезд Қызылордаға бағыт алды. Алдағы вагондарда Орынбор госпитальдарынан емделіп шығып, Маньчжуриядағы әскерлерді толықтыруға жіберілгендер екен. **(Алыс тылда орналасқан госпитальдардан емделіп шыққандар өз әскери бөлімдеріне емес, басшылықтың шешімімен топтасып бір жерге жіберілетін болған).** Түрлеріне қарасаң киімдері жарасымды, мұрт қойған соғыстың қиындығын көрген жігіттер екен. Көп ұзамай поезд бізді Қызылордаға әкелді. **(Поезд бірден Транссібір темір жолымен жіберілмей айналма жолмен жіберілгеніне қарағанда Транссібір темір жолында поездардың саны көп болса керек).** Вагоннан шығармайды. Өтіп бара жатқан таныс бір әйелді көріп Оразалы екеуіміз ауылға сәлемдеме айтып жібердік. **(Киноларда көргенде әскери эшелондарға адамдарды жақындатпай айналдырып жіберетін еді, ол Қызылорда да, терең тылда әскери тәртіп өте қатал болмаған сияқты).** Көп ұзамай менің, Оразалының үйіндегілері, бізбен бірге кеткен бауырлары туралы хабар білгісі келген ауылдастар үйіндегі бар анау-мынауын алып вагон айналасына үймелей бастады. Бұны көрген басқа халық солдаттар мінген поездда майданнан қайтқан әке, бала бауырларымыз бар деп эшелонға ұмтылды, бүкіл Қызылорда ағылып келгендей болды. Әке ағаларының орнына оларды 18-19 жастағы, әскерге алынғандарына жарты жыл өтсе де майданды көрмеген, тағдыр тәлкегімен келесі жау жапондарға қарсы соғысқа кетіп бара жатып, туған жеріне қайта оралған бауырларымен ұшырасты. Әке шешемізбен, бауырларымызбен көрісіп, біраз уақыт ішек тартысып ертең көрісеміз деп тарастық. Ал ертеңіне азанда оянсақ Түркістан қаласының вокзалында тұр екенбіз. Ауылдас қыз-келіншектер келеді деген үмітіміз, шешемнің анау-мынау тәтті бір нәрсе әкелем деген сөздері, ойы түстей болып басылды. Сол жүріспен Новосибирскіден өттік, Байкал жағалауын көріп, Чита қаласынан барып шықтық. **(Кеңес әскерлерінің эшелондарының маршрутын көруге болады).** Осы жерде командиріміз ертең Монголияда боламыз онда совет ақшалары жүрмейді, алатындарынды осы жерден алып қалыңдар – деді. Соңғы ақшаларымызды Меновой дворда жұмсаған біздің соңғы жетті вагоннан ешкімде сыртқа шыққан жоқ. Ал госпитальдан шыққандар болса вокзал маңындағы сауданы қыздырды. **(Солдаттарға жаралы болған уақытында жалақысы жаралы жатқан госпитальда берілген болу керек және госпиталдан шыққанда іс-сапар есебінде қаржы берілген болу керек).**

Монголияға өткеннен кейін түнде салдыр-гүлдір болып вагонымыз күрт тоқтап бәріміз есікке ұмтылдық. Қарасақ біздің поездың алдыңғы вагондары жолдың иінінде биіктен аударылып бірі-бірінің үстіне шығып жатыр екен. Айқай, шу, еңіреген дауыстарды естіп бәріміз алдыңғы вагондардағыларды құтқаруға ұмтылдық. Сөйтсек станциядағы семафор біздің составка тоқтамай өте бер деген белгі беріп тұр екен. Машинист бұны көріп жылдамдықты азайтпай алға жүре береді, ал бұл кезде біреулер стрелочникті өлтірді ма я

стрелочник қателесті ма біздің составтың жолын станцияда тұрған составқа қарай бұрып жіберіпті. **(Темір жол қатынасының жиі болуына байланысты темір жол апаттары болып тұрған.)** Майданда қанын төгіп, шаңын жұтып соғыс бітті деп қуанып, госпитальдан шыққан алдыңғы вагондардағы жүздеген адамдар қырылып жатқанда, соңғы жеті вагондағы соғыс отын көрмеген 1926 жылы туылған 18-19 жастағы балдарды құдай аман алып қалыпты. Апат болған жерге түн ішінде көптеген әскерлер, техника тартылып азанға дейін жол қалыпқа келтірілді. **(Апаттын зардабын жою жұмысы темір жол бойында жақсы жолға қойылған екен.)** Апаттың белгісін көрсетпеу үшін тракторлар қираған вагондарды жолдан таса жерге тартып апарып тыстады. **(Кеңестік дәуірде апаттар туралы айтылмайтын және белгілері тез жойылатын.)** Біздің состав жол жөнделіп алға жылжығанда жол бойында қираған вагондардың жаңқаларында көрген жоқпыз, тек вагондар құлаған жерден сәл әрменіректе, ол жерге қисыны келмейтін, үсті палаткалармен жабылған үлкен төмпешік тұрды. Поезд жүрісі тездеп төмпешікке жақындағанда палаткалардың жиегінен шығып жатқан адамдардың қолдары мен аяқтары көрінді. Бұл түнгі соқтығыс құрбандары жүздеген солдаттардың үйіліп жатқан мәйіттері екен. **(Кеңес солдаттарының топтасып жерленген бейіттері соғыс оты болмаған жерлерде де бар екен.)** Ұмытпасам бұл оқиға Улан-батор қаласына жақын жердегі Шынғысхан станциясында болды. Апатқа дейінгі ұзақ жолда біз алдыңғы вагондарда Орынбор госпиталдарынан шыққан мұрт қойған, киімдері жарасымды, емделіп, көңіл күйлері көтеріңкі бірнеше қазақ жігіттерін көріп едік. Апаттан кейінгі жорықта оларды көрмедік, оларда сол палаткалар астында қалған болу керек.

Апат болған жерден көп ұзамай бәрімізді поездан түсіріп разьезге орналастырды. Осы жерде біз 10 күндей тұрып қалдық. Бұл болған апаттың салдарынан болдыма белгісіз. Бұл біздің үлкен жорық алдындағы бір демалған күндеріміз болды. Күндердің бір күнінде таңата бізді ерте оятып, тамақтандырып жолға алып шықты. Күніне баста 40 шақырым жүріп отырсақ, бірте-бірте күніне 70 шақырым жүретін болдық. **(Кеңес – Жапон майданында техника көп болса да солдаттар жүздеген километр жүріп жаяу барған жағдайлары көп болған екен.)** Бірнеше күннен кейін таулар көрінді, таулар көрінгенімен оның етегіне жету біраз уақыт алды. Келсек тау етегінде бірнеше әскери бөлімдер, мыңдаған әскерлер бар екен. Біз барғасын бізді соларға қосып бірнеше үлкен шенді офицерлер жиналыс өткізді. Ірілеу келген орыс майоры бізді бұл жерге Жапонияға қарсы соғысқа әкелгендерін айтты. **(Солдаттар Жапониямен соғысқа бара жатқанын білмеген ғой сонда, ал госпиталдан шыққандар тылға апара жатқанын іштегі гарнизондарда әскери борышын жалғастырамын деп түсінген болар.)** Алда ұзақ жол-бар, жолда тыңшылық жасаған Жапон шекара күзетінің солдаттары артта я жалғыз қалған солдат-офицерлерді өлтіріп кету жағдайлары болғанын сол себепті саптан қалмай **(Жапондардың**

**тыншылық, диверсиялық бөлімдері кең түрде жұмыс атқарған сияқты.)** назарды күшейтуді тапсырды және алдағы уақытта біз Германиядан келген әскери бөлімдерді толықтыратынымызды айтты. Сол жерде Қызылордадан барған бәрімізді соғысып Германияға дейін барған алтыншы Орловский атқыштар дивизиясына қосты және біз Родион Яковлевич Малиновский басқарған Забайкальский майданның жауынгерлері екенімізді білдік, осы жерде бізге қару-жарақтар берді, менің және Оразалының еншісіне винтовка тиді. Оған қоса 150 патрон, саперный күрек, фляшка қосып берді.

Қару-жарақ асынып жолға шыққаннан кейін жағдайымыз қиындады. Өткен жерлеріміз шөл екен күндіз ыстық, түнде суық. Бұл белгілі Гоби шөлі еді. Бастапқыда кей солдаттар тарапынан шинелдерін тастап кеткен жағдайлар болды. **(Шинелін тастағанға қарағанда, солдаттардың жағдайы өте ауыр болған сияқты.)** Ал түнде бұл солдаттар қалтырап тонып ұйықтай алмай жүрді. Бізді таң ата жолға шығарады сол жүргенімізбен түннің бір мезгілінде ғана тоқтаймыз. Бірақ жолда бірнеше рет тоқтатып дем алдырып, артта қалғандарды қатарға қосып отырды. Гоби шөлінен өтіп Хинган тауларына да жеттік ау. Таудан өткел болмай бірнеше күн тауды бойлап жүрдік. Сүйтсек тау арасынан өтетін жер бар екен, бәрі оны тунель дейді, бірақ ол тунель емес тау арасындағы өткел екен. Сол жерде әскердің көптігі сонша Оразалы екеуіміз және тағы бірнеше қазақ балдары әскери бөлімімізден қалып, адасып қалдық. Бірақ тап сол «тунелдің» кіре – берісінде бір полковник колонналарды өзі реттестіріп тұр екен, сол кісіге барып адасып кеткенімізді айттық. Сөйтсек ол біздің дивизиямыздың командирі екен. Біздің бөліміздің алға өтіп кеткенін айтып командиріміз бізді нан пісіретін машинаға отырғызып жіберді. Машинаның есігіндегі нөмері «О» деген әріптен басталады екен **(Әр әскери машинаның қай әскери құраманікі, я бөлімдікі екенін машина нөмеріндегі әрпінен білуге болатын болған ғой.)** бұл біздің дивизияның белгісі екен. Көптеген жаяу әскер колонналарының жанынан өтіп шопырымыз бізді бір көлдің жанына әкелді де, біздің әскери бөлімімізден озып кеткенімізді және бөліміміз осы жерден өтетінін айтып осында күтіңдер – деді. Бір ай бойы жуынбаған біз көлге түсіп, суды қанғанша ішіп киімдерімізді жуып, кешке көл басына келген әскери бөлімімізге қосылдық. Хинган тауынан өткел іздеп бірнеше күн жүрген біздер «тунелді» өткесін енді артқа қарай сол Хинган тауларын бойлап қайтадан жаяу алға тарттық. Күніне 2 рет азанда және кешке ыстық тамақ беріп отырды. **(Әскерлер жорықта болсада ыстық тамақпен қамтамассыз ету жолға қойылған екен.)** Тамақ ішіп алғасын үйде көп болмаса да көз іліп алсақ, мұнда ондай жоқ. Ас ішіп алғасын түнгі 3-ке дейін жүреміз. Әсіресе кешке шаршағанда полковой оркестрді машиналармен алға 3 километрдей жерге апарып, оркестрді ойнатып қояды. Оркестрдің үнін естігеннен шаршаған, сапты бұзған, қаруларын әр түрлі асынған солдаттар үстерін қағып, реттеп музыканың ырғағымен қадамдарын, саптарын түзеп оркестрдің маңайына келгенде строевой саппен өтетін. **(Патриоттық**

тұрғыдағы музыка адамның еңсесін көтеруге өзіндік күші бар екен.) Бәрі өтіп кеткесін оркестрді қайтадан машинаға отырғызып алға жібереді. Бұл да бір рух, дем беретін жақсы шара екен.

Әскери бөліміміздің асханасын, азық-түлік тиеген екі арбасын және әскери бөлімімізге берілген бір зеңбіректі аттар сүйрейтін. Бұл аттарды дивизия Германиядан шығарда немістерден алған екен, **(Германиядан да Қызыл әскер керегі үшін аттар алған екен)** командирімізде осындай аттың біріне мініп алған. Жорықтың қиындығына, ұзақтығына бұл аттардың бірі де шыдамады, бірте – бірте өліп ұзақ жолдың бойында қала берді. Олардың орнына бойы кішкентай бірақ шыдамды келетін монғол аттары әкелінді. Немістер соғыс кезінде уақытымен кофесін, түскі асын ішіп, ол кезде оқ атуында тоқтататын дейтін еді, олардың аттарыда сондай тәртіпке үйренген болуы керек. Ал монғол аттары кезіндегі Шынғысхан жорықтарындағыдай бірнеше апта я айлар шауып үйренген болар, бұл аттар Жапон соғысының соңына дейін қыңқ етпей қызметін атқарды. **(Монғолдың аттары жүк көтеруге, тартуға күннің ыстығына шыдамды екен)**. Ал зеңбіректі тартуға бір түйе, снарядтар тиеуге екінші түйе берілді. Неміс аттары өлгенде зеңбіректі сүйреп – тарту, снарядтар тасу біздің иығымызға түссе, түйелер келгесін бір жасап қалып, бұдан кейінгі жол жеңілдегендей болды. **(Әскер мұқтажы үшін түйелерде алынған екен.)** Сөйтіп алдағы Маньчжурияға жеттік.

### **3.0. Әтеева, тарих магистрі**